

"Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 27 наурыздағы № 357 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 1031 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 қазанда № 9-2-145 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 14 ақпандағы № 182 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 14.02.2012 № 182 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағының негізінде Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 27 наурыздағы № 357 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 9-2-132 , 2009 жылғы 15 мамырда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған, "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 27 наурыздағы № 357 қаулысына өзгерістер енгізу туралы " әкімдіктің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 650 қаулысымен өзгерістер енгізілді, Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 9-2-138 , 2009 жылғы 10 шілдеде "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) мынадай **ө з г е р і с е н г і з і л с і н :**

қаулының мемлекеттік тілдегі мәтінінде 2-тармақтың 8) тармақшасы жаңа **р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :**

"Әлеуметтік көмекті беру немесе одан бас тарту туралы уәкілетті органның шешімі құжаттарды қабылдаған күннен бастап 15 күннің ішінде шығарылады."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары **А . А . И ш м ұ х а м б е т о в к е жүктелсін .**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Н. Денинг

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК